

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 369 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 18 қазанда № 2382 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 04.02.2014 № 41 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына, «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б . А л и п о в к е** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *К.Айтурсев*
Шардара ауданы әкімдігінің
2013 жылғы «2» қазандағы
№ 369 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

			Оның ішінде

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Шардара ауданы	3558	2497	1061

Ш а р д а р а а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы « 2 » қ а з а н д а ғ ы
№ 369 қаулысына 2-қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
21000	8391

Ш а р д а р а а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы « 2 » қ а з а н д а ғ ы
№ 369 қаулысына 3-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
	337,35	7084,35

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.